

Қазақстан Республикасының аумағынан шығарылған 36678 әскери бөлімнің материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің қосымша шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 20 шілде N 1006

Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі Үкімет комиссиясының 1995 жылғы 23 мамырдағы ұсынысына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағынан шығарылған 36678 әскери бөлімнің материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 36678 әскери бөлімінің үй-жайларын, ғимараттарын және басқа казармалық аймақтар объектілерін және еңбекпен түзеу колониясын ұйымдастыру үшін Солнечный поселкесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне иемденуге, пайдалануға және басқаруға қосымшаға сәйкес беретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын жою жөніндегі Үкімет комиссиясы 36678 әскери бөлімнің автомобиль техникаларын, әскери және басқа мүліктерін бөлуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мүддесіне жүзеге асыратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

36678 әскери бөлімінің базасында 2000 адамға жеткізу лимитімен жалпы режимдегі еңбекпен түзеу колониясын ұйымдастырсын;

15 қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының меншігіне берілетін Солнечный поселкесінің үй-жайларын, ғимараттарын және басқа объектілерін, сондай-ақ 36678 әскери бөлімінің мүліктерін күзетуді ұйымдастырсын;

36678 әскери бөлімінің базасын еңбекпен түзеу колониясына лайықтап құқық қорғау органдарын ұстауға арналып 1995 жылдың бюджетінде көзделген қаражат шегінде жобалау мен қайта жаңартуды жүзеге асыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрлігінің еңбекпен түзеу колониясын және ішкі күзет әскерін ұстау жөніндегі есептерін қарасын және қажет болған жағдайда, қосымша штат саны мен 1995 жылдың бюджетінде мемлекеттік билік пен басқарудың республикалық және жергілікті атқарушы-реттеуші органдарын ұстауға көзделген шығындар сомасы

шегінде қаражат бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1006 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
балансына еңбекпен түзеу колониясын ұйымдастыру
үшін берілетін үй-жайлар мен ғимараттардың
Тізімі

Рет	Объектінің атауы	Экспликация бойынша Ауданы,	
NN		нөмірі	шаршы
		метр	

1	2	3	4

1	Штаб	80	1527
2	Штаб	81	1527
3	Штаб	82	1527
4	Штаб	85	127
5	Казарма	10	3112
6	Казарма	11	3112
7	Казарма	14	3112
8	Казарма	101	3112
9	Казарма	15	3112
10	Асхана	40	2701
11	Асхана	41	947
12	Клуб	13	1344
13	Шайхана	123	342
14	Оқу корпусы	12	3369
15	Қойма	37	263
16	Күзет үйі	43	228
17	Тұрмыстық қызмет комбинаты	46	443
18	Монша	44	336
19	Емхана	45	515
20	Өрт сөндіру депосы	49	285

21	Бокс	63	288
22	Гараж	231	1269
23	Гараж	230	1269
24	Гараж	57	118
25	Гараж	58	2556
26	Гараж	68	1269
27	Гараж	144	284
28	Асхана	121	947
29	Автожөндеу шеберханасы	61	1148
30	Кір жуатын орын	76	799
31	Көкөніс қоймасы (600 тонна)	71-73	1466
32	Тоңазытқыш (300 тонна)	75	806
33	Наубайхана	78	863
34	Тұрғын үйлер	1, 2, 3, 4, 5	
35	Госпиталь	53	
36	Мәдениет үйі	31	
37	Қонақ үй	35, 36	
38	Өрт сөндіру депосы	49	
39	Сауда орталығы	138	
40	Тұрмыстық қызмет комбинаты		
	бар дүкен	32	
41	Емхана		